

"Қазақстан Республикасы Президентінің, оның Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі жұмысының регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 184 өкімін іске асыру және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 140-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 56-ө Өкімі "Қазақстан Республикасы Президентінің, оның Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі жұмысының регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 184 өкімін іске асыру және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 140-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мыналарда:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Президенттің көмекшілері мен кеңесшілері, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы, министрлер (ККО отырыстарын қоспағанда) төрағалық ететін кеңестерде – мемлекеттік органдардың бірінші басшылары орынбасарларының;

орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының орынбасарлары төрағалық ететін кеңестерде – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) басқарма басшыларының, қажет болған жағдайда ЖАО бірінші басшылары орынбасарларының қатысуын;"

6) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың аппарат басшылары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 772 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 88-тармағының орындалуын қамтамасыз етсін.";

көрсетілген өкіммен бекітілген Премьер-Министрдің төрағалығымен өткізілетін консультативтік-кеңесші органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарындағы кеңестер мен отырыстарды өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарда:

"1. Жалпы ережелер" деген тарауға ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"*Жедел кеңестер қажет болған жағдайда кез келген күні өткізіледі."

Премьер-Министр

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК